



«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры

Ғ. Тұрсынов

2023 жылғы «22» 09

**9-10 сынып оқушыларына арналған  
жас тарихшылардың «Менің шағын Отаным» атты республикалық  
интеллектуалдық конкурсының  
ЕРЕЖЕСІ**

**I. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңына, Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленді және 9-10 сынып оқушыларына арналған жас тарихшылардың «Менің шағын Отаным» атты республикалық интеллектуалдық конкурсының (бұдан әрі – *Конкурс*) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметінің қамсыздандырылуын, өткізу мен қаржыландыру тәртібін, қатысуын және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін белгілейді.

1.2. Конкурстың ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы» (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) болып табылады.

1.3. Конкурстың мақсаты: туған жер тарихына қызығушылық танытатын талантты оқушыларды анықтап, олардың шығармашылық қабілетін, қоғамдық белсенділігін дамытуға, өскелең ұрпақтың бойына ұлтжандылықты қалыптастыру, өзінің туған өлкесінің тарихын және құндылықтарын мақтаныш сезіммен жеткізуге бағыттау.

1.4. Конкурстың негізгі міндеттері:

- өлкетануға қызығушылық танытқан оқушыларды анықтау;
- туған өлкенің тарихын зерттеуде танымдық қызығушылығын ынталандыру;
- оқушылардың тарихи өлкетану саласындағы бастамалары мен ізденулерін қолдау;
- туған жеріне, өз қаласына, ауылына деген махаббатын зерделеу арқылы достарына түсіндіру.

**II. Конкурстың ұйымдастыру тобы жұмысы бойынша**

2.1. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру тобы құрылады (бұдан әрі – *Ұйымдастыру тобы*).

Ұйымдастыру тобы:

- конкурсты дайындауға және өткізуге тікелей басшылықты қамтамасыз етеді;
- конкурстың өткізу күнін белгілейді;



- конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді және қажетті материалдарды қабылдайды;

- қазылар алқасының құрамын бекітеді;

- іс-шара форматын анықтайды;

- конкурс нәтижесін талдау және қорытындылау;

- конкурстың дайындығы, өткізілу барысы және нәтижесі БАҚ-да жарияланады.

2.2. Қазылар алқасы Конкурс қатысушыларының жұмысын бағалайды, қорытындысын шығарады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

2.3. Қазылар алқасы қатысушылардың ұсынған материалдары негізінде төмендегі критерийлер бойынша бағалауды жүзеге асырады:

- тақырыптың толық ашылуы мен сапасын (жұмыстың мазмұны, зерттеу дәрежесі номинация тақырыбына сәйкестігін);

- тұжырымдардың нақтылығын, көркемдік шеберлігін, техникалық және орындалу сапасын (идеяның өзіндік ерекшелігі), шығармашылық деңгейі автордың жасына сәйкестігін;

- «Менің туған өлкем» номинациясы үшін: баяндаудың стилі, онда көрсетілген кешенді түсіну проблемалары, өзіндік көзқарасы, терминологиялық аппаратты дұрыс пайдалана отырып тақырыптың теориялық және практикалық деңгейде ашылуы, нақты хронология көздеріне сілтемелер, дәйексөздер, тұжырым және қорытынды жасауы.

### **III. Конкурстың қатысушылары туралы**

3.1. Конкурс қатысушылары білім беру ұйымдарының 9-10 сынып оқушылары болып табылады.

3.2. Конкурс қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

### **IV. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

4.1. Конкурс үш кезең бойынша өткізіледі:

1) бірінші кезең – аудандық (қалалық), ағымдағы жылдың қазан айында «Дарын» РҒПО дайындаған тапсырмалар бойынша аудандық және қалалық білім бөлімдері өткізеді.

2) екінші кезең – облыстық, ағымдағы жылдың қазан айында өткізіледі. Облыстық іріктеу кезеңді «Дарын» РҒПО дайындаған тапсырмалар бойынша, облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары (*бұдан әрі – «НЗМ» ДББҰ*), республикалық білім беру ұйымдары (*бұдан әрі – РББҰ*) жүзеге асырады.

4.2. Конкурстың аудандық, облыстық кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу үшін облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, «НЗМ» ДББҰ, РББҰ ұйымдастыру комитетін құрады және бекітеді.

4.3. Ұйымдастыру комитетінің құрамына ұйымдастыру комитетінің төрағасы мен мүшелері кіреді. Төрағалық атқаруға облыстардың, Астана,



Алматы және Шымкент қалалары білім басқармаларының, «НЗМ» ДББҰ-ның, РББҰ-ның басшылары белгіленеді.

4.4. Ұйымдастыру комитеті конкурстың аудандық, облыстық кезеңінің өткізілуін бақылайды, конкурсты өткізу үшін қазылар алқасы мүшелерінің құрамын бекітеді, конкурс кезеңдерінің қорытындылары туралы ақпаратты «Дарын» РҒПО-ға жібереді.

4.5. Конкурстың аудандық, облыстық кезеңдерінің қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының өкілдері, әдіскерлер, тәжірибелі мұғалімдер және облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, «НЗМ» ДББҰ-ның, РББҰ-ның жоғары біліктілік санаттары барлар енгізілуі мүмкін.

4.6. Конкурстың бірінші (аудандық), екінші (облыстық) кезеңдерінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері жергілікті білім басқармаларының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

4.7. Үшінші кезең (республикалық), ағымдағы жылдың қараша айында өткізіледі.

4.8. Конкурстың республикалық кезеңіне қатысу жөнінде өтінімдерді облыстық және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары, «НЗМ» ДББҰ-ның, РББҰ-ның басшыларының қолымен сұраныс хат арқылы ағымдағы жылдың қазан айының соңына дейін ұйымдастыру комитетіне жіберіледі.

**Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы:** *индекс Z05K5K8, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8/2, «Алтын Орда» БО, 207 офис, тел: +7 (7172) 57-01-60, e-mail: [project@daryn.kz](mailto:project@daryn.kz)*

4.9. Әр облыстан және Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан, «НЗМ» ДББҰ-дан, РББҰ-дан құралған команданың сандық құрамы 4 оқушы, оның ішінде 9 сыныптың 2 оқушысы қазақ, орыс тілдерінде, сол сияқты, сәйкесінше 10 сыныптың 2 оқушысы. Номинация бойынша әр командадан 1 оқушы қатысады.

Конкурстың өту барысында және өткізу орнына бару/кері қайту жолындағы қатысушылардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі үшін жауапкершілік команда жетекшілеріне жүктеледі. Команда жетекшілері аймақтық білім басқарма басшыларының бұйрығымен тағайындалады.

## **V. Конкурсты өткізу шарттары**

5.1. Конкурстың қорытынды кезеңі екі тур бойынша өткізіледі:

I тур – Қазақстан тарихы сұрақтары бойынша тест орындау (**45 минут**);

II тур – 4 номинация бойынша:

1. «Менің шағын Отанымның тарихы» номинациясы бойынша - елді мекеннің тарихын презентация түрінде немесе бейнефильм форматында ашу (географиялық атауын, құрылу тарихын, дамудың негізгі кезеңдерін, табиғи-климаттық ерекшеліктерін, халықтың саны, кәсіпорындар мен әлеуметтік-тұрмыстық сала мекемелері туралы ақпарат, көрікті жерлері және т.б.);

2. «Шағын Отанымның символы» номинациясы бойынша - автордың өзінің туған өлкесіне деген сүйіспеншілік символы болып табылатын жануарлар,



өсімдіктер, адамдар, құбылыстар және т.б. туралы презентация түрінде немесе бейнефильм форматында баяндау (өз таңдауын бірегейлі негіздеу, дәлелдеу қажет);

3. «Менің шағын Отанымның болашағы» номинациясы бойынша - нысан макетін презентация түрінде таныстыру;

4. «Менің туған өлкем» номинациясы бойынша – туған жері, өз қаласы өз ауылы туралы эссе жазу (*90 мин.*).

## **VI. Конкурс материалдарына жалпы талаптар**

6.1. «Менің шағын Отанымның тарихы» және «Шағын Отанымның символы» номинациялары бойынша қанағаттанарлық бейнематериалдар мынадай техникалық талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1) Рұқсат етілген фото форматы: 1280 x 1024;

2) Бейнефильм форматы MPEG-4 немесе AVI , (hd720) форматтан кем емес болуы тиіс.

Сөйлеу уақыты – 7-10 минут.

6.2. Конкурс қатысушылары ұсынған жұмыстары бойынша авторлық құқықты (музыканы, суреттер мен мәтіндерді заңды пайдалану және т.б.) сақтауды қамтамасыз етуі тиіс.

6.3. Қатысушылардың жұмыстары авторлық құқықты сақтауға кепілдік бере отырып, конкурсты насихаттау мақсатында ұйымдастырушылар тарапынан пайдаланылуы мүмкін.

## **VII. Қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау**

7.1. Үшінші (республикалық) кезеңнің Конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен, сондай-ақ «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының грамоталарымен марапатталады.

7.2. Барлық қатысушылар мен команда жетекшілеріне сертификаттар беріледі.

7.3. Конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындаған мұғалімдерге «Дарын» РҒПО-ның «Алғыс хаты» тапсырылады.

## **VIII. Қаржыландыру**

8.1. Конкурстың қаржы шығыстары бекітілген сметаға сәйкес жүзеге асырылады.